

## **"Тағам институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 шілде N 1043.

"Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Тағам институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қайта құру жолымен жарғылық капиталындағы мемлекеттің жүз пайыздық акциялар пакетімен "Қазақстан Республикасының тағам институты" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Тағам институты" ЖАҚ) қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Тағам институты" ЖАҚ қызметінің мәні:

салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтанудың медициналық-биологиялық және әлеуметтік проблемалары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу;

тамақтану дәрежесін бағалау және халықтың әр жастағы жыныстық, әлеуметтік және кәсіптік топтарына арналған негізгі тағамдық өнімдер мен олардың құрамдас бөліктеріндегі физиологиялық қажеттіліктердің нормаларын әзірлеу;

тағамдардың арнайы емдік-профилактикалық өнімдері мен балалар тағамдары өнімдерін, асқа салынатын биологиялық белсенді қосындыларды әзірлеу деп көздей отырып, оның жарғысын бекітсін;

2) "Тағам институты" ЖАҚ-ын мемлекеттік тіркеуден кейін, белгіленген тәртіппен, шығарылған жарғылық капиталдың жалпы көлемінің 25 пайызы мөлшерінен кем емес сомаға акциялардың қосымша эмиссияларын шығару жолымен, оның жарғылық капиталын ұлғайту шараларын қабылдасын. Акциялардың қосымша эмиссиясын орналастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысымен бекітілген Республикалық меншіктегі жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-техникалық саладағы ұйымдарды акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастыру ережелерімен сәйкес келтірсін;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген шаралар орындалғаннан кейін, мемлекеттік акциялар пакетін 50 пайыз мөлшерінде сатуды жүзеге асырсын;

4) "Тағам институты" ЖАҚ акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне берсін;

5) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.

3) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшадағы:

"Алматы қ." бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-6-жолмен

толықтырылсын:

"123-6. Тағам институты" ЖАҚ".

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 2004.10.28. N 1111 қаулыларымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі